

**"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 1343 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 2, 94-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі туралы ережеде:

1 6 - т а р м а қ т а :

1) Орталық аппараттың функцияларында:
«1» деген сан алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын іске асыру туралы есепті және іске асыру туралы ақпараттың негізінде қорытынды жобаны қалыптастыру арқылы Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасының мониторингі, сондай-ақ оны веб-порталда орналастыру (құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдаланылатын ақпаратты қоспағанда);»;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) кезең-кезеңімен әрбір орта мерзімді кезеңге Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ә з і р л е у ;

2-2) облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламаларын және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу;
»

мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

«39-1) сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;»;

55) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55) жобаларға сараптаманы (мемлекеттік сараптаманы қоса алғанда) орындайтын жеке және заңды тұлғалардың сарапшылық комиссиялар құру қағидаларын әзірлеу мен бекіту және сараптамаға қатысу үшін мамандарды тарту ; » ;

79) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«79) тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;»; мынадай мазмұндағы 90-1), 90-2), 90-3), 90-4) және 90-5) тармақшалармен толықтырылсын :

«90-1) тұрғын үй қатынастары саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

90-2) тұрғын үй көмегін көрсету мониторингін жүзеге асыру;

90-3) тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдарға басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуді әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру ;

90-4) жер қатынастарын реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

90-5) жерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде жердің нысаналы мақсатының жіктелімін бекіту;»;

93) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«93) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын республикалық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;»;

2. Ведомстволардың функцияларында:

«2» деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 45-1) тармақшамен толықтырылсын:

«45-1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ; » ;

72) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов